

ФИЛОЛОГИЯ
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҮНДЕСТІК ПЕН
МҰРАТТАСТЫҚ Р. БЕРДІБАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

Орынбек Жолдыбай,
Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенаты Аппараты Редакциялық-баспа
бөлімінің сектор менгерушісі

Қазақ-түркі мәдени, әдеби, саяси, әлеуметтік, экономикалық байланыстарына терең талдау жасап, оны ғылыми айналымға қосу бүгінгі күннің талабы болып отыр. Соның ішінде, әсіресе, қазақ-түрік әдебиеті мен мәдениетінің археологиялық, деректанулық, тілдік, тарихи жағынан әлі де зерттеуді қажет ететін жақтары баршылық. Бұл туралы тарихшы Ж.Г.Үскенбаева былай дейді: "Бүгінгі күнге дейін түркі халықтарының тарихы мен барша түркі халықтарына ортақ мұра көне түркі жазбаларын зерттеу ісінде көптеген зерттеуші ғалымдар ғылыми ізденістерге барып, әлемдік және отандық тарихта нақты тұжырымдар мен ғылыми ойлардың қалыптасуына әсер етті. Сонда да осы ғылыми тұжырымдарды бір ізге түсіріп жүйелеу ол болашақ түркітанушылардың үлесінде"[1, 356-б.].

Қазақ әдебиетінің тарихында түркітануға үлес қосқан ғалымдар шоғыры баршылық. Түркітану-негізінен түркі тілдес халықтардың тілін, тарихын, әдебиетін, мәдениетін зерттейтін ғылым саласы. Еуропа мен Ресейде түркітануға шындап кірісе бастаған кезең ХІХ ғасырда өріс алған. 1893 жылы дат ғалымы В.Томсеннің Орхон-Енисей ескерткіштерінің мән-маңызын ашуы түркітануға қосқан зор үлес болып табылады. Осы оқиғадан кейінгі түркітануға үлес қосқан орыс ғалымдарының ішінде В.Радловтың, В.Бартольдтың, Н.Аристовтың, В.Тизенхаузеннің, И.Березиннің, Иакинфтың есімдерімен тығыз байланыста аталады. Өздері түркі халықтары қатарынан шыққан Ш.Уәлиханов, М.Ахундов, М.Казембек, А.Насири еңбектері де түркітануға қосылған мол қазына болып есептеледі. Одан кейінгі ғалымдар санатына С.Малов, А.Крымский, А.Кононов, Е.Бертельс, В.Жирмунский, А.Бернштам түркітанудың көкжиегін мейлінше кеңейткендер болып саналады. Бұл салада ХХ ғасырда қазақ ғалымдары Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Аманжолов, К.Ақышев, Р.Бердібай т.т. маңызды еңбектері келіп қосылды.

Қазақ әдебиетінің көршілес, туыстас елдермен әдеби байланысының түп тамыры әріде жатқаны тарихтан белгілі. Қырғыз, өзбек, түркімен, әзірбайжан, татар, қарақалпақ халықтарының кейбір ортақ ежелгі жазба ескерткіштері соның айғағы. Шығыстың классикалық поэзиясы, оның ең ірі өкілдері Фирдауси, Низами, Науаи, Хұсрау, Физули, Жәми, Сағди, Хафиз, Омар Һәйям туындылары, араб, парсы, үнді эпостары мен лирикасы қазақтарға ертеден таныс болған. Арабтың "Мың бір түні", үндінің "Махабхаратасы", "Рамаянасы", сонымен қатар "Калила мен Димна", "Тотынама" сияқты әлемге әйгілі әдебиет үлгілерінің үзінділері қазақ

арасына кең тарап, осы қисса-дастанға ұқсас өлең-жырларды қазақтар өздері де шығарып келген. Бұдан келіп шығатын қорытынды — қазақ еліндегі сөз өнері басқа туыстас халықтар әдебиетімен тығыз байланыста дамып отырғандығы. Бұл байланыстың дамуына көптеген қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар әсер етіп отырған.

Түркі тілдес әдебиеттердің зерттелуі М.Әуезовтің есімімен тікелей қатысты. Ол түркі тілді елдердің әдебиетіне мән беріп, оны талдап, терең зерттеп, баға бере білген. “Қорқыт ата кітабы”, “Алпамыс”, “Манас” т.б. эпостарды терең зерделей отырып, осыларға жабылған жаланы ақтап, мәні терең ғылыми дәлелдері бар еңбектер жазған.

XX ғасырда түркі әлеміндегі әдеби-мәдени байланыстардың мән-маңызы туралы: “XX ғасырдың басындағы “Түркі ренессансы” қазақ халқы арасында тек әдебиет саласында ғана емес, сондай-ақ білім, өнер және саясат саласында да қазақ халқын жарқын келешекке апара алатын сенімді, қайрат-жігері мол, білуге ие жастарды тәрбиеледі. Түркі әлемінің әр бұрышындағы осы бір жап-жас, сенімді, батыр әрі еңбекқор жандар жанған шырақтай айналасына жарық шаша бастады” [2, 259-6] - деп жазды түрік ғалымы Фейзуллах Будак.

XX ғасырдың соңында түрік дүниесінде айтарлықтай өзгерістер болды. Тәуелсіз түрік республикалары арасындағы ынтымақтастықтың артуы да түрік дүниесі үшін үлкен табыс еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл республикалар тіл, дін, діл, тарих пен мәдениет тұрғысынан бір-бірімен жақындаса түсті десек қателеспеспіз. Әсіресе, бәрімізге ортақ құндылықтардың түп-тамырына тереңінен үңіліп жүрген ғалымдар ісі алға басып, келелі жұмыстар жасала бастады. Түркі дүниесіндегі осынау айтулы өзгерістер Кеңес Одағының ыдырауымен тығыз байланысты жүзеге асты. Бірақ Кеңес Одағы кезінде де осы тақырыпты қаузаған ғалымдар болмады десек, қателесеміз.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының келешекте өз-өзіне сенімді болуы үшін, өз ұлтын бақытты етуі үшін өз жеріне, өз тіліне, өз мәдениетіне, өз тарихына толыққанды иелік етуі арқасында қол жеткізгені тағы аян. Осы жолда өзінің соны пікірлерімен, көзқарастарының өміршеңдігімен көзге түсіп жүрген көсемдер түркі тарихының мирасына иелік етіп, көкейтесті мәселелерде ой қозғап, өзіндік қолтаңбаларын қалдыра бастады. Кешегі мен бүгінгі жалғастырушы, ғалымдық пен көсемдік қасиетті қатар алып жүрген әрекетшіл тұлғалардың бірі — Р.Бердібай. Р.Бердібай — қазақ-түркі әдеби байланыстарына қатысты еңбектерін ертеректе бастаған ғалымдардың бірі және бірегейі. Р.Бердібай-түркі тілдес халықтардың тілін, тарихын, әдебиетін, мәдениетін үнемі зерттеу нысанына айналдырып келе жатқан бірден бір ғалым.

Қазақ-түркі әдеби байланыстарындағы үндестік пен мұраттастық негізінен ғалымның ғылыми еңбектерінде, монографияларында, әр жылдары жариялаған мақалаларында көбірек зерделенеді. Алдымен, ғалымның ғылыми зерттеулерінде әсіресе, түркі халықтарының әдебиетіндегі тарихи байланыс, өзара үндестік, мұраттастық қуаттары баса айтылады. Түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті мен өнері, әдеби шығармаларындағы суреткерлік шеберлік сапасының ұқсастықтары мен үндестігі қалың түркі

дүниесіне жол ашып отырған. Р.Бердібайдың түбі бір түркі халықтарына жетелейтін еңбектерінде түркі ділді халықтардың тарихына, имани мұраларын жасаушыларға, олардың рухани байланыстарына терең үңілу бар және бұл еңбектерден байқалатын бір ерекшелік- ғалым ұстанған азаматтық позиция.

Түркі халықтарының ортақ мәдениеті мен өнерін ғалым әрдайым басты назарда ұстап келеді. Р.Бердібайдың түркі халықтары шығармаларындағы үндестік пен мұраттастық тақырыбындағы зерттеулері — саны жығынан да, сапасы жағынан да әдеби-эстетикалық бітімі бөлек дүниелер. Сонымен түркі халықтары әдеби шығармаларындағы үндестік пен мұраттастық Р.Бердібай зерттеулерінің денін құрайды. Ғалымның қазақ-түркі әдеби байланыстарына қосқан үлесімен бірге, оның соңғы кездері осы мәселеге арнап жазған ғылыми мақалалары да баршылық.

Көрнекті әдебиетші-ғалым Рахманқұл Бердібайдың зерттеулеріндегі қазақ-түркі әдеби байланыстары туралы әңгімелегенде, бұл өзекті тақырыпты нысанаға алудағы автордың көздеген мақсат-мұраты және осы мәселені ғылыми тұрғыдан ой елегінен өткізу барысында таңдаған әдіснамасы жөнінде айтпай кете алмаймыз. Осы ретте, ең алдымен, ойға оралатыны-ғалымның сан-салалы ғылыми жұмыстары арасында түркі дүниесіне деген ілтипаттың үнемі айрықша орын алып отыратыны. Ол неліктен дегенде, табиғатында ұлтжанды ғалымның түркі әлемі тарихының ғасырлар тереңіне кеткен тамырынан өзі де нәр ала отырып, бүгінгідей өз қолымыз өз ауызымызға жеткен заманда өзгелердің де түбі бір түркі екендерін мақтаныш тұтса,сөйтіп, түрлі саяси оқиғалардың салдарынан ұлыс-ұлысқа бөлшектеніп кеткен түркі жұрты болашақта бағзы кездердегідей айбынына ие болса деген барша түркілерге ортақ ой саларлық күшті патриоттық сезімнен туындаған арман-мүддесін түйсінгендей боласың. Бұл туралы профессор Б.Майтанов: “Қарақалпақ, ноғай, саха, алтай, армян әдебиеттері туралы мақалаларында ғылыми сипат пен публицистикалық элементтер жарасымды бірлік табады. Автордың түрі бір, тілегі бір халықтар өнеріндегі тамырлас құбылыстарға кездескенде зерттеушілік тұрғыда тұрып, азаматтық тебіреніс сәтін бастан кешіруін бейнелейтін жолдар тартымды” [3,169-6], - деп түйіндейді. Міне, осындай арман-мүддеден туындаған ғалымның қазыналы ойлары сонау ертегідей елестейтін ерте-ертедегі түрік дүниесінің қойнауларын ақтара кезіп, тұщымды, тың пікірлерді ортаға салады. Соның бір парасы- түркі халықтарының эпикалық аңыздарын зерттеу болып табылады. Осы арқылы ғалым түркі халықтары тамырластығының тереңде жатқанын,оның қадым замандардан бастау алатынын тың деректермен байытып, соны көзқарастарын білдіреді. Түркі жұртының көпшілігіне ортақ аңыздарды салыстырмалы-типологиялық тәсілмен таразылай отырып, олардың фольклор туындыларындағы ұқсастық сарындарының табиғатын ашады.

Мәселен, Р.Бердібайдың “Түркі халықтары эпосының тарихи-генетикалық типологиясы” [4] деген ғылыми еңбегінде түркі халықтарының эпостарындағы үндестік сарындарының түп төркіні үш жүйе — тарихи-типологиялық салыстыру, тарихи-мәдени типология, тарихи-генетикалық типология бойынша қарастырылады.

Фольклордағы мұндай ұқсастықтар мен сарындастықтардың астарына үңілу, оларды жан-жақты саралау, сойтіп, ғасырлар қойнауының сырларын анықтау аса маңызды мәселе екенін жете ұғынған автор, ауыз әдебиеті ескерткіштеріндегі кейбір жекелеген ұқсас белгілерді табу, жүйелеу, салыстыру зерттеулердің бастапқы әліппесі екенін де естен шығармайды. Әрине, ежелгі түркілер әдебиетінің көне мұраларын әйтеуір ұқсастықтарына қарап жіпке тізе беруге болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Негізгі мақсат-осындай ұқсастықтардың заңдылықтарын ашу. Бұл орайда зерттеуші былай ой тұжырымдайды: “Халық әдебиетінен ұқсастықтар іздеуді үстірт мақсат етіп қарау кем дегенде екі мақсатқа жол қалдырады. Біріншіден, жалаң салыстырулар әрбір шығарманың қайталанбас даралығын, ұлттық ерекшелігін тануға мүмкіндік бермейді, екіншіден, мұндай тәжірибе белгілі бір елдің фольклорлық жаратындыларын жасанды түрде көтермелеп, екінші жұрттың мұрасын төмендетіп көрсетуге апарады.” [4,139-б].

Ғалымның өзі де “ұқсастықтар іздеуді үстірт мақсат етіп қараудан” іргесін аулақ салады. Оның түркі халықтарына ортақ ауыз әдебиетін, жоғарыда айтылғандай, үш түрге топтастырып, тұжырымын ғылыми дәйекті негіздеуі- осының дәлелі. Сол арқылы ғалым түркі халықтары-ның тарихи-типологиялық, тарихи-мәдени және тарихи-генетикалық жақындықтарын терең талдауларға негізделген нақты мысалдармен әдіптей отырып, өз пайымдауларын теориялық тұрғыдан бекемдейді.

Мәселен, автор ауыз әдебиеті туындыларын тарихи-типологиялық тұрғыдан қарастырғанда, түрлі халықтардың фольклорындағы, тарихи және мәдени жағдайларындағы ұқсас тақырыптарды, сарындарды, фабулаларды салыстырулар арқылы олардағы оқиға желісіне қатысты ортақ белгілерді көре біледі. Бұл ретте автор түркі халықтарының біразына ортақ эпикалық туындылар кейіпкерлерінің әрекеттеріндегі ұқсастықтардан олардың арғы түбінің туыстығын іздестіреді. Эпос қаһармандарының (“Алпамыс батыр”, “Дәде Қорқыт” кітабы) ғажайып туысының, оның жедел жетілуінің, батырлық қасиетінің ерте көрінуінің, қауіп-қатерден аман сақтайтын магиялық кереметі болуының, жүйрік ат тандап мінуінің, тұлпар аттың қаһарманға жәрдемшілік, “кеңесшілік” қызмет атқаруының тағы сол сияқты ұқсастықтардың адамдардың тұрмысы мен қоғамдық өмір ерекшелігінен туындайтын өзіндік ішкі заңдылығы бар құбылыс екенін атап көрсетеді [4,140-б].

Ғалым кейбір зерттеушілердің мұндай сарындастықты оқиғаның бір елден екінші елге ауысқандық салдары деп түсіндіретіндерімен үзілді-кесілді келіспейтінін білдіреді. Бұл ретте ол “Алпамыс батыр”, “Едіге батыр”, “Шора батыр”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Ер Тарғын”, “Көрұғлы”, “Дәде Қорқыт кітабы” тәрізді жырлардың әрқайсының бір емес, бірнеше түркі халықтарының арасында сақталып келуінде түбі бір туыстықтың жатқанын дәйекті дәлелдейді.” Бұл халықтардың ғасырлар бойында өзара байланысы үзіліп, ежелгі жақындық белгілері ұмыт бола бастаған. Бірақ тарих ұмытқанды халықтың ауыз әдебиеті ұмытпапты. Ертедегі этностық, мәдени қарым-қатынастардың жарқын куәлігі фольклор шығармаларында қалыпты.” [4,140-б], – деп түйіндейді автор. Бұдан халықтар тағдыры заманалар екпінімен өзгеріске ұшырағанымен ел жадының өлмейтіні,

эпостар, жырлар, аңыздаулар арқылы өткен тарих елесін еске салып отыратыны айқын аңғарылады.

Түркі халықтары эпосындағы ұқсастықтардың және бір заңдылығын ғалым тарихи-мәдени типология тұрғысынан зерделейді. Бұл орайда автор ел мен елдің, халық пен халықтың мәдени байланыстар арқылы рухани байып, көркемдік тұрғыдан жетіле түсетініне тарихтан мысалдарды көптеп келтіруге болатынын көлденең тарта отырып, бүгінде халқымыздың төл мұрасы қатарынан саналатын қисса, дастан, жыр, ертегілердің, аңыз, әпсаналардың түрлі елдермен, халық-тармен қоян-қолтық араласудың нәтижесінде дүниеге келгенін дәлелді тұжырымдайды. Әсіресе, Үндістан, Арабстан, Иран елдерінен ауысып, әлдеқашан халқымыздың әдеби қазынасына айналған “Сейфүл-Мәлік”, “Жүсіп-Зылиха”, “Ләйлі-Мәжнүн”, “Таһир-Зухра” сияқты дастандардың халқымыздың көркемдік дәстүрімен берік астасып, қазақтың төл туындыларындай болып кетуі халықтардың етене араласуынан туындаған тарихи-мәдени заңдылық екендігіне шүбә келтірмейді. Демек, тілі, діні, әдет-ғұрпы, кәсібі бір-біріне жақын елдер халықтарының жоғарыдағыдай аңыз-әңгімелерінің, қисса-дастандарының ауыс-түйіс болуын табиғи болмыс деп ұғынған жөн.

Қырғыз халқының әлемге әйгілі “Манас” эпосының да басқа халықтарға, соның ішінде қазақ халқына осындай рухани, мәдени алмасулар арқылы келгеніне ғалымның сенімі мол. Өйткені автордың пайымдауынша, эпикалық шығармада халықтар арасындағы қарым-қатынастың хронологиялық тізбегі емес, жалпы мәні, екшелген ақиқаты, бағыты мен сипаты негізгі орынға шығады. Қазақ пен қырғыз халқының ұзын тарихтың бұралаң жолдарында көбінесе тағдырлас, ұрандас болып жүргенін есте тұтсақ, дастан сол сансыз оқиғалардың сапалық түйінін сөйлейді. [5, 18]. Шынында да, көптеген халықтарға қырғыз әдебиетінің інжу-маржаны ретінде кеңінен танымал “Манас” жырында қазақ халқының өткенінен елес беретін тұстар баршылық. Қазақ руларының, қоныстанған жерлерінің аттары, қазақтан шыққан батырлардың есімдері шығармадағы оқиғалар желісіне орай жиі-жиі ауызға алынып отырады (алшын, үйсін, найманды, абақ, тарақ, арғынды..., Айтайын тойға баруды, Іле менен Шуына, Хабарымды ұққандар, Қалмасын, деді, үйінде, Тұрасы, Ертіс су болсын, Аяғы Орал тау болсын..., Арғы атасы Барақ хан, Өз атасы Қамбар хан, Қазақтан шықты мықты жан, Өзінің аты Айдархан, Айдархан шықты ақырып, Айбаттанып бақырып...) [5, 19-6].

Ғалымның жүйелі талдап, тиянақты зерттеуі нәтижесінде түркі халықтарының ауыз әдебиеті мұрасындағы ұқсастықтар мен сарындастықтар заңдылығын айқындайтын әдістің енді бірі-тарихи-генетикалық типология. Бұл орайда ғалым оқырманды ежелгі түркі эпостарының оқиға желісін жалаң қызықтамауға, түбі бір туыстықтың бастауларын көре білуге шақырады. Эпикалық туындылардың түпкі мәніне қатысты, халықтардың әуел бастағы генетикалық туыстығына байланысты ғалым шығарған қорытындылардан түркі халықтарының көпшілігінде бар эпикалық аңыздардың табиғатына бойлап, қызғылықты тұжырымдар жасауға болады. Ғалымның пайымдауынша, бұл түптеп келгенде, ғасырлар бойында түрлі оқиғалардың салдарынан бір-бірінен алыстап, үзіліп қалған рухани қарым-

катынастарды қайта жалғауға септеседі. [4, 142-6]. Мұндай түйіндеулердің қисынды екеніне тарихтан аз-кем хабары бар адамның күмән келтірмесіне сенімдіміз. Ұлан-байтақ Еуразияны ондаған ғасыр мекен ете жүріп, түркі халықтары небір қилы замандарды бастан кешті. Түркілердің арғы аталары болып келетін Еділ бастаған ғұндар Еуропаға билік жүргізіп, сол заманда әбден мейманасы тасыған, жоғары өркениетке қол жеткізді деп есептелген Рим империясының іргесін шайқалтып, оларды өздеріне салық төлеп тұруға мәжбүрлеген.

Жоғарыда айтылғандардан қазақ-түркі әдеби байланыстарының тамыры тереңде жатқаны, бұл байланыстардың өзіміз күнде сан мәрте қайталап айта беретін, кейде тіпті сөздің қадірі кететіндей дәрежеге дейін қайталанып, адамды мезі қылып жіберетін жасанды достықтан әлдеқайда биік тұрғаны аңғарылады. Мұны бір замандарда бабаларымыз мәңгі өшпестей етіп тасқа қашаған түркі жазуларымен астасқан, бір түбірден тараған халықтар туыстығының жасампаз жырлары десе де болғандай.

Ғалым Рахманқұл Бердібайдың зерттеушілік қызметінің негізгі салаларының бірі – түбі бірге туысқан халықтар әдебиетінің өзара байланысы. Бұл мәселе оның “Гүлстанның бұлбұлдары” [6], “Достық кемесінде” [7], “Сарқылмас қазына” [8] деген кітаптарынан бастау алып, соңғы жылдары жарық көрген “Байкалдан Балқанға дейін” [9], “Жұлдыздар жарығы” [10], “Ел боламыз десек” [11] тәрізді ойы тұщымды, тілі тартымды, аса қызғылықты публицистикалық жинақтарда жалғасын тапты. Осы көрсетілген еңбектермен қатар Р.Бердібай өзінің “Түркі халықтары эпосының тарихи-генетикалық типологиясы” және басқа да шығармаларында түрік халықтары фольклорының әлі де шешімін тауып болмаған күрделі проблемаларын әдістемелік тұрғыдан көтерді [4-23]. Ғалымның түркі тілдерінде сөйлейтін отызға жуық ұлттар мен ұлыстардың тарихи-этникалық және мәдени байланыстарының тамырластығы жан-жақты әрі ғылыми тұрғыда дәлелді талданып, шұрайлы тілімен байыпты әңгімеленетін “Байкалдан Балқанға дейін” деген кітабын оқығанда бұған және бір көз жеткізгендей боласын.

Бүкіл адамзатқа ортақ гуманистік идеяларды бұрын-соңды жазған еңбектерінің бәрінде де ұстанып келген және оны кеңінен насихаттаған автор осы игі көзқарасын мына шығармасында да жалғастырады. Жан-жүрегі адамгершілік пен мейірбандықты қалайтын, өз халқы ғана емес, басқа халықтар да, барша адамзат та бақытты болса екен, адам адамды қанамаса екен, жауыздық біткен жер бетінен жойылса екен деп тілейтін нағыз ізгі ниетті адамның аузынан шығатын сөзді қайталайды. Осындай ізгі ниет, бауырмалдық, бір кезде тұтасып отырған, тілі де, тілегі де бір, салт-дәстүрі де ұқсас түркі жұртының заманалар желісінің әсерімен бөлшектеніп кеткен, өзіндік бет-бейнесін жоғалта бастаған бүгінгі мүшкіл халіне деген жанашырлық, түрік тектес түгел бол дегендей ой желісі кітаптың өн бойынан байқалады.

Ғалымның тамырластықты іздестіру, халықтар мәдениетінің ортақ үлгілерін қарастыру арқылы ел мен елді, бауыр мен бауырды табыстыру мақсаты кітаптың өн бойында өріліп жатыр. Бұл орайда ғалым түрік әлемінің терең тамырларына, сан мыңдаған жылдардың көркем естелігіне

— эпикалық аңызлауларға сүйеніп ой өрбітеді, солардағы ұқсастық сарындарына баса назар аударады. Тарихтың белестерін, ескі ұғымдар мен салттардың тізбегін, адамдардың өзін,оның қоршаған орта, табиғат, қоғам туралы түсінігін ерекше тәсілмен баяндайтын аса бағалы мұра-эпос жырларды зерттеу объектісіне айналдыра отырып ғылыми пайымдаулар жасайды. Мысалы, кітаптағы “Алтайды аралап қайтқанда” деген еңбегінде автор былай деп жазады: “Қазақ пен Алтайдың көне туыстығын әйгілейтін фактілер, әсіресе ауыз әдебиеті нұсқаларында жиірек ұшырайды... Қазіргі кезде алтай фольклорының он томы алтай тілінде, кейбір эпос нұсқалары орыс тілінде шығарылып отыр. Сол кітаптарды ашып қарасақ, біздің халықтарымыздың ежелгі поэзиясында ұқсастық, тіпті, бірдейлік қаншалық көп екеніне көз жетеді. Жеке жолдар, шумақтар, тіркестер, бейнелеу жүйесіндегі бірыңғайлықты айтпағанда, үлкен-үлкен жырлар мен ертегілердің, аңыздардың ұқсастықтарын да кездестіреміз. “Алпамыс” жырына сарындас сюжет алтайлықтарда “Алып Манап” деп аталады. Ал қазақтардың “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”жырын еске салатын әңгімелер де алтайлықтарда бір емес, әлденешеу екені анықталып отыр... Ең ғажап нәрсенің бірі- жырымыздың өлшемі, ырғағы, ұйқасы, бейнелеуі көп ретте бірдей болып келушілігі” [5,11-12-б].

Біз кімбіз, қандай елміз, халықтың бірлігін қалыптастыру, бүтіндігін нығайту үшін, ислам діні аяқ асты болмау үшін не істеу керек, рулық өлшемнен қайтсек құтыламыз, ұлттық сана деңгейін көтерудің жолдары қайсы, шеттен келген қандастарға қамқорлық қай дәрежеде, түркі тілдес бауырлармен тұрақты байланыс орнатудың тиімді жолдары қайсы? Осы және тағы басқа мәселелер ғалымды толғандырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Үскенбаева Ж.Г.* Байырғы түркілер тарихының тарихнамасына (XVIII-XIX) қысқаша шолу және Орхон мәтіндері тарихи дерек көзі ретінде./ Академик Ә.Марғұланнның туғанына 100 жыл толуына арналған “Уақыт ұштастырған желі: көшпелілер әлемі XX ғасырдағы тарих тағлымында” атты конференция материалдары-Астана ЕҰУ баспаханасы, 2004.
2. *Будак Ф.* Қазақстан: өткені,бүгіні мен ертеңі.-Анкара. 2000.
3. *Майтанов Б.* Әдебиеттер достығының жаршысы.//Ғалым мұраты.Кітап – Түркістан. 2004.
4. *Бердібай Р.* Ел боламыз десек. Бес томдық шығармалар жинағы. 5 том. Алматы. Қазығұрт. 2005.
5. *Р.Бердібаев.* Эпос- ел қазынасы – Алматы. Жазушы. 1995. 350-б.
6. *Бердібай Р.* Гүлстанның бұлбұлдары – Алматы.1970. 240-б.
7. *Бердібай Р.* Достық кемесінде – Алматы.1976. 142-б.
8. *Бердібай Р.* Сарқылмас қазына.-Алматы. 1983. 245-б.
9. *Бердібай Р.* Байқалдан Балқанға дейін – Алматы. Қазақстан. 1996. 256-б.
10. *Бердібай Р.* Жұлдыздар жарығы – Алматы. 2000.
11. *Бердібай Р.* Ел боламыз десек – Алматы. 2000.